

**2015-2019 жылдарға арналған  
ӘЭДБ нақтылау бойынша**  
Ұлттық экономика министрі  
Е. Досаевтың сөз сөйлеуіне  
тезистер, 2015 жылғы 19 ақпан

**Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!**

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің қарауларыңызға **Елдің 2015-2019 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының нақтыланған болжамы** енгізіліп отыр(1-слайд).

Макрокөрсеткіштердің нақтыланған болжамы 2014 жылғы **экономика салалары дамуының** алдын-ала деректерімен негізгі экспорттық тауарларының бағалары бойынша әлемдік тауар нарытарындағы ағымды ахуалды ескере отырып жасалды(2-слайд).

2014 жылы Қазақстан экономикасы әлемдік нарықтардағы ахуалдың айтарлықтай өзгеруі мен әлемдегі геосаяси тұрақсыздық жағдайында дамыды(3-слайд).

Мәселен, 2014 жылы **мұнай мен темір кенінің** әлемдік бағалары **2 есе** төмендеді.

Осының аясында, алдын ала бағалау бойынша Қазақстан экономикасы 2014 жылы **4,3%-ға** өсті(4-слайд).

2014 жылы жалпы ішкі өнімнің өсіміне негізгі үлесті **көрсетілетін қызметтер өндірісі** қосты, **мұндағы өсу 6,0%-ды** немесе **3,3 пайыздық тармақтық үлесті** құрады.

Көрсетілетін қызметтер бөлінісінде барынша өсу сауда **(9%)**, байланыс **(8,5%)**, көлік және қоймалау **(7%)** салаларында байқалды.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өнім өндірісінің **1,0%-ға** ұлғаюы есебінен **өнеркәсіптегі өсу 0,3%-ды** құрады. Тау-кен өндіру өнеркәсібі **0,3%-ға** төмендеді.

Өткізілген теңгені түзетудің әсерін ескере отырып **инфляция 7,4%-ды** құрады.

Ағымдағы жылдың басынан бастап мұнайға әлемдік бағаның 2 еседен асатөмендеуін және одан әрі нашарлау ықтималдығын ескере отырып мұнайдың бір баррелінің бағасы **50, 40 және 30 АҚШ долларына** дейін жеткенде және металлға баға индексінің **5,0%-ға** төмендеуі кезінде Қазақстанның экономикасының даму болжамын әзірледі.

Бұл ретте, барлық үш сценарияда мұнай өндіру көлемі 2015 жылы – **80,5 млн. тоннаны**, 2016 жылы – **80,8 млн. тоннаны**, 2017 жылы – **86,0 млн. тоннаны**, 2018 жылы – **90,0 млн. тоннаны** және 2019 жылы – **93,0 млн. тоннаны** құрайды.

**Базалық сценарийде 2015-2017 жылдары мұнай бағасының бірбарреліне 80 АҚШ долларынан 50 АҚШ долларына дейін, 2018-2019 жылдары баррель бағасы 60 АҚШ долларына төмендейді деп жоспарланады (5,6-слайд).**

Жалпы ішкі өнімнің өсуі 2015 жылы **1,5%** бағаланды, бұл қарашадағы нақтылаудан 3,3 п.т. төмен, 2016 жылы **2,2%** (3,1 п.т. төмен), және 2017 жылы **3,3%** (3,4 п.т. төмен), 2018 жылы **3,6%** (2,2 п.т. төмен) және 2019 жылы **4,1%** (2,4 п.т. төмен) деңгейінде бағаланады.

Осыны негізге ала отырып, 2015 жылы номиналды жалпы ішкі өнім **41 307,6 млрд. теңге** көлемінде болжануда, бұл 2019 жылға қарай **59 869,9 млрд. теңге** дейін ұлғаюмен бірге қарашада қатысты нақтыланған көрсеткіштен **2 413,7 млрд. теңге** төмен. Халықтың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім 2015 жылы **12,8 мың АҚШ долларынан** 2019 жылы **17,6 мың АҚШ долларына** дейін ұлғаяды.

**2015 жылы өнеркәсіп 0,3%-ға** қысқарады (нақтыланған көрсеткіштен 1,7 пайыздық тармаққа төмен), **2019 жылы 2,0%-ға** дейін ұлғаяды (3,5 пайыздық тармаққа төмен).

Өндіріс көлемінің және өнеркәсіп өнімдері экспортының төмендеуі және инвестициялардың бәсеңдеуі нәтижесінде **көрсетілетін қызметтер саласының өсуі** 2015 жылы **2,2%-ға** дейін қысқарады.

Ұлттық банктің болжамы бойынша экспорт көлемі 2015 жылы **43,6 млрд. АҚШ долларына дейін 44,7%-ға** төмендейді, импорт **34,7 млрд. АҚШ долларына** дейін **21,8%-ға** төмендейді.

Инфляция деңгейі бұдан бұрынғы **6-8%** дәлізінде сақталады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің нақтыланған болжамы негізінде 2015 жылға арналған республикалық бюджет параметрлері нақтыланды (7, 8, 9 -слайд).

Импорт пен ЖІӨ бойынша болжамның төмендеуін ескере отырып, республикалық бюджеттің кірістері (трансферттерді есепке алмағанда) мұнайдың бағасы **барреліне 50 АҚШ доллары (ЭКБ тоннасына 60 доллар)** болған кезде 2015 жылы 3 219,9 млрд. теңге көлемінде бағалануда, бұл бекітілген жоспардан 939,6 млрд. теңге төмен.

Кірістердегі күтіліп отырған шығындарды ішінара өтеу мақсатында 2015 жылы тапшылықты **259,4 млрд. теңге** (1 256,5 млрд. теңге дейін) немесе ЖІӨ-

ге қатысты 2,3%-дан **3,0%-ға** дейін ұлғайту ұсынылады.

Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің мөлшері (**1 702 млрд. теңге**) 2015 жылы бекітілген деңгейінде сақталды.

Мемлекет Басшысы ағымдағы жылғы 11 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларын, және 2015 жылғы 16 ақпандағы ҰҚБК шешімін ескере отырып **«Нұрлы жол»** инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасының жобасы шеңберінде, **101 млрд. теңге** қаражатты **2015 жылы жаңа дағдарысқа қарсы шараларға** қайта бөлуді, оның ішінде:

2015 жылы Ұлттық қордан әлеуметтік инфрақұрылым құрылысына жоспарланған, **30 млрд. теңгені** олардың нысаналы мақсатын нақтылау арқылы, оның ішінде **17,3 млрд. теңгені** – бірінші кезекте білім беру объектілерінің құрылысына, үш ауысымдық оқыту мен мектептердің апаттылығын жоюға, **12,7 млрд. теңгені** – мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына мемлекеттік тапсырыс беруге бағыттау;

**71 млрд. теңгені** - 2016 жылы Ұлттық қордан ХҚҰ жобаларын қоса қаржыландыруға, тұрғын үй құрылысы шаруашылығын жаңғыртуға, автомобиль жолдары мен жалдамалы тұрғын үй құрылысына көзделген қаражатты ауыстыру арқылы:

АӨК қолдауға – **20 млрд.теңге**;

БЖК-2020 шеңберіндегі жобалар үшін инфрақұрылым жүргізуге - **10 млрд.теңге**;

техникалық реттеуді дамыту арқылы ішкі нарықты қорғауға - **5 млрд.теңге**;

геологиялық барлау жүргізуді жандандыруға - **6 млрд.теңге**;

тұрғын үй құрылысын ұлғайтуға – **30 млрд.теңге**.

«Бәйтерек» АҚ-ның 2016 жылы кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруға көзделген Ұлттық қордан алынған **100 млрд. теңге** сомасындағы облигациялық қарызында, 2015 жылға ауыстыру **75 млрд.теңге** соммасында, оның ішінде:

**70 млрд. теңгені** облигациялық қарыз түрінде, оның ішінде: отандық автокөлік өндірушілерді қолдауға - 20 млрд.теңге; тікұшақ өндіруді қолдауға -10 млрд.теңге; жолаушылар тасымалдау вагондары өндірісін қолдауға - 5 млрд.теңге және экспорттаушыларды қолдауға - 35 млрд.теңгені пайдалану ұсынылады.

**5 млрд. теңгені** нысаналы трансферт түрінде үлестік салымдарды кепілдендіру қорын капиталдандыру және оның жұмысын бастау үшін.

Қалған **25 млрд.теңге** сома 2016 жылы экспорттық және экспорт алдындағы

қаржыландыруға - 15 млрд.теңге, үлестік салымдарды кепілдендіру қорын қосымша капиталдандыруға - 10 млрд.теңге бағытталатын болады.

Осылайша, Ұлттық қордан бөлінетін нысаналы трансферттердің көлемі 2015 жылы қосымша **76 млрд. теңгеге** ұлғаяды және **783,5 млрд. теңгені** құрайды.

Сондай-ақ ҰҚБК шешіміне сәйкес және ел экономикасындағы ахуалдың одан әрі нашарлауы мүмкін екенін ескере отырып, 1 трлн. шеңберінде экономиканы ынталандыру жөніндегі 2-ші транштан Проблемалық кредиттер қорын қосымша капиталандыруға көзделген **250 млрд. теңгені** Үкімет резервіне қосу ұсынылып отыр.

2015 жылға арналған республикалық бюджет шығыстары **610,7 млрд. теңге** болып бекітілген көлемге қатысты азайтыла отырып, **7 244,5 млрд. теңге** көлемінде болжанып отыр.

**Қолдауыңызды сұраймын!**